

1993 жылы туылған азаматтарды "Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин ауданының әкімінің 2009 жылғы 12 қарашадағы № 11 шешімі. Ақтөбе облысының Байғанин аудандық Әділет басқармасында 2009 жылдың 10 желтоқсанда N 3-4-87 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданының әкімінің 2010 жылғы 11 мамырдағы № 4 шешімімен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданының әкімінің 2010.05.11 № 4 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабының 3 тармағына, 18-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы» ережеге, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33-бабына сәйкес 1993 жылы туылған азаматтарды аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөліміне тіркеуді жүргізуді ұйымдастыру мақсатында, аудан әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 1993 жылы туылған азаматтарды аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөліміне тіркеу 2010 жылдың қаңтар - наурыз айларында өткізілсін.

2. Аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (А.Құлниязов):

1) тіркеуді жүргізуге қажетті адамдармен қамтамасыз етудің шараларын ж а с а с ы н ;

2) келмеген шақырылушыларды іздестіріп, бакылайтын топ құрып, оның құрамына аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінен, селолык округ әкімдері аппараттарынан, аудандық ішкі істер бөлімінен өкілдер енгізу тапсырылсын.

3. Селолық округ әкімдеріне:

1993 жылы туылған азаматтардың тіркеу учаскелеріне уақытылы жеткізілуі үшін мекемелерден, мектептерден арнаулы көліктер ұйымдастырсын.

4. Аудандық білім бөлімі (Е.Құлжан):

тіркеу кезінде анықталған орта білімі жоқ жастарды өздерінің тұрақты

мекен-жайы бойынша орта мектептерге бекітіліп, оларды оқытуды ұйымдастыруды қатаң бақылауға алсын.

5. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (Ш . С п а н о в а) :

тіркеуге дайындық жүргізуге және тіркеу кезінде құжаттарды толтыруға аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне көмек беру үшін 2010 жылдың 1 қаңтар мен 1 наурыз аралығындағы уақытқа қоғамдық ақылы жұмысшылар қ а т а р ы н а н 7 а д а м б ө л с і н .

6. Аудандық «Орталық аурухана» МҚКК (О.Әбдин):

1) тіркеу барысында анықталған науқас азаматтарды емдеу мекемелеріне тұрақты бекітіп, оларды жан-жақты сауықтыру шараларын жүргізсін;

2) бұл жұмысты бақылауға алып, қажет жағдайда көшпелі дәрігерлік комиссия ұйымдастыруды қамтамасыз етсін, сондай-ақ әскери шақырылу қостарн қажетті медициналық және шаруашылық құрал-жабдықтармен қ а м т а м а с ы з е т с і н .

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А . А м а н ғ о с к а т а п с ы р ы л с ы н .

8. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Кемешов